

66.3(252К-ЧК3)

К 29

**КЕМЕЛ СЫРДЫН
КЕЛБЕТІ**

(Екінші кітап)

2011-2012

КЕМЕЛ СЫРДЫҢ КЕЛБЕТІ

2011-2012 ж.ж.

(Екінші кітап)



2012 жыл

**УДК 908
ББК 26.89
К 71**

**Кемел Сырдың келбеті. Екінші кітап – Қызылорда,
«Тұмар», 2012ж. - 368 бет**

ISBN 978-601-229-349-4

Екінші кітап өсіп, өркендей түскен аймақ экономикасының нақты көріністері мен әлеуметтік дамуын бейнелейтін облыс әкімі Болатбек Куандықовтың әр кезеңдегі баяндамаларымен толыға түскен.

Облыс басшысы көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде тәуелсіз еліміздің бір тірегіне айналып отырған Сыр еліне деген Елбасы қамқорлығын айта отырып, сл-жүртты маңызды бағдарламалар мен жобалар аясында атқарылып отырған іргелі істерге жұмылдырады. Сонымен қатар кітапта болашаққа нық қадам жасаған Қызылордалықтардың ерекше іс-қимылы анық көрініс тапқан.

Оқырман облыс әкімінің нақты, тұжырымды сөздері арқылы 2010-2012 жыл бедеріндегі облыс өмірінің бүгінгі бет-бейнесін, ертенгі шежіресін танып, біледі.

ББК 26.89

© Тұмар, 2012

«НҰР ОТАН» ХДП-НЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Кызылорда қаласы,
20 қантар, 2011 жыл.

Күрметті конференция делегаттары мен қадірменді қонақтар!

Бұгінгі «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының облыстық конференциясы өнірдің өркендеуіне серпін беретін саяси шара болып отыр.

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясаты мен ерен енбегінің арқасында қарқынды дамып келе жатқан сліміз аз ғана уақытта әлемдік қауымдастық алдында беделі биік, белсенді де қуатты мемлекетке айналды.

Береке мен бірліктің ұйытқысына айналған еліміздегі этносаралық келісім мен конфессиялардың татулыққа бұгінде бүкіл әлем мемлекеттері тәнті болып отыр. Еліміздің тәуелсіздік жылдары жеткен ұлы женістері мен әлем мойындаған беделіне Елбасының сындарлы да салиқалы саясатының арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Еліміз үшін баға жетпес құндылық - егемендік алғаннан бергі 20 жыл уақыт ішінде еліміздің өзіне тән барлық институттары қалыптасып, мемлекетіміздің қауіпсіздігі

мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды. Тәуелсіздік жылдары бой көтерген қазақ ұлтының ұлы тұғыры Елордамыз – Астана қаласы күннен күнге көркейіп, ел мактандышина айналды. Ел экономикасы нығайып, халықтың әл-ауқаты артты. Мәдени, рухани даму деңгейі жана белеске көтерілді.

Былтыр еліміз халықаралық беделді үйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымына табысты төр-ағалық етіп, Астана саммиті абыраймен өткізілді. Бұл – әлемді мойыннатқан жасампаз еліміздің ең бір жарқын женісі.

Осындай жарқын да жасампаз істерімен, бекем бірлігі, берекелі тірлігімен әлемдік қауымдастықты мойыннатқан тәуелсіз елімізде экономикамызды нығайту, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытындағы келелі істер жүйелі жалғасын табуда.

Бұл орайда Ел Президентінің жүргізіп отырған саясатының негізінде қабылданған «Нұр Отан» партиясының халықтық тұғырнамасы – ел экономикасын дамыту мен халықтың тұрмысын жақсартып, өмір сұру сапасын арттыруда ауқымды істердің атқарылуына негіз болуда.

Осы ретте Елбасы тапсырмалары мен міндеттерінің және партия Тұғырнамасында белгіленген бағыттардың аймағымызда жүзеге асырылу барысына қыскаша тоқталып өтуге рұқсат етініздер.

Аймағымызда облыс халқының әл-ауқатын арттыру мен облыс экономикасын нығайту бағытындағы жұмыстарға серпін беретін үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырып келеміз. Экономика-

лық идеологияға айналған бастама аясында былтыр аймақта бірқатар кәсіпорындар іске косылып, мындаған адам жұмыспен қамтылды.

Халықтық Тұғырнамамен бірге XII съезд алған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшелерінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесе жұмыстар атқаруының және аймақ халқының ерен енбегінің арқасында облыс экономикасының барлық салалары қарқынды дамып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік.

Елбасы бастамасымен елімізде жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялдық-инновациялық бағдарлама мен «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық жол құрылышы Сыр өнірінде қарқынды жүргізілуде.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында да облыста ауқымды жұмыстар жасалып, орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту шаралары жүзеге асырылуда.

Ауыл шаруашылығындағы жүйелі жұмыстың арқасында аймақта шаруашылыштардың барлық нысандары бойынша егіс көлемі жыл сайын көбейіп, өнімділік арта түсті. Бұл халық несібесінің молаюына өз септігін тигізіп, ел көнілін тоғайтып отыр.

Сондай-ақ, ауылшаруашылығы өнімдерін өндесу жолға қойылуда. Индустриялық даму бағдарламасы аясында аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған көптеген жобаларымыз жемісті жүзеге асырылуда.

Осындай атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы - негізгі азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру және оның негізсіз көтерілуін болдырмау мақсатындағы іс-шара болып табылады.

Партияның халықтық Тұғырнамасына, Елбасының тапсырмасына сәйкес, облыста құрылыш индустриясын

өркендетуге, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға да айрықша көніл бөлінуде.

«Жол картасы», «100 мектеп, 100 аурухана» және мектепке дейінгі мекемелер желісін көбейту мақсатында қабылданған «Балапан» және «Мәдени мұра» бағдарламалары аясында көптеген жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар, білім сапасын жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аймағымызда жылдан-жылға білім сапасының артып, халықаралық, республикалық білім бәйгелерінде бак сынап жүрген окушыларымыздың жүлделі орындарды иеленіп жүргенін айта кеткен абзал. Былтыр Ұлттық бірыңғай тестілеу корытындысы бойынша республикада 3-орынға шықтық. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, дарынды окушыларға колдау жасалып келеді. Соңғы үш жылда облысымда білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға баса назар аударылып, жана үлгідегі 27 мектеп, 53 балабакша ашылды.

Аймакта денсаулық сақтау саласы бойынша да аурудың алдын алу, емдеу салаларында ауқымды жұмыстар жасалып, нәтижесінде өкпе ауруы көрсеткіші 31,4 пайызға, ана өлімі 17,8 пайызға, сәбілердің шетінеу көрсеткіштері 4,2 пайызға төмендеп отыр.

Аймак тұрғындарының әл-ауқатының жақсаруы нәтижесінде соңғы 2 жылда туу көрсеткіші артып, жыл сайын жаңа туылған балалар саны орта есеппен 5-6 пайызға өсіп отырғанын айрықша атап өту қажет. 2010 жылы халық саны табиғи өсім есебінен 7,3 пайызға артты.

Аймакта сондай-ақ, қылмыстың алдын алу мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүргізілген жұмыстардың арқасында ауыр қылмыстар, жасөспірімдер қылмысы, бұзакылық, қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар саны айтарлықтай азайып отыр.

Облыста Елбасы тапсырмасына сәйкес спорт саласын дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылып, соңғы 3 жылда бұқаралық спортпен шұғылданушылардың жалпы саны 7,2 пайыздан 18,8 пайызға дейін артты. Былтыр облыс бойынша барлығы 19 шағын спорт аланы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілсе, үстіміздегі мерекелі жылы Қызылорда қаласы мен елді мекендерде 100-ге жуық спорт аландарын салуды көздел отырмыз.

Елдегі конфессияаралық диалог пен ынтымактастыққа қажетті жағдайды одан әрі дамытуда облыс әкімдігі, партия өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық ұйымына мүше этномәдени орталықтар бір-бірмен тығыз байланыста жұмыс істеп, аймақта елдің бірлігі мен ынтымағын арттыруда сан салалы, іргелі істер атқаруда.

Құрметті қауым!

Қадірменді партия активі!

Елбасы атап көрсеткендегі, «2030 жылға дейінгі Қазақстанның Даму стратегиясын негізге ала отырып, біз XXI ғасырдың алғашқы он жылдығына белгіленген барлық міндеттерді атқардық». Ендігі кезекте Жолдаудан туындастын алдағы онжылдықта атқарап жұмысымызды айқындаған мақсат-мұддемізді іске асыруды бір кісідей жұмыла енбек етуге тиіспіз.

Осы тұста партияның белсенді мүшелерінің әріптестік негізде атқарып келе жатқан жұмыстарына алғысымды білдіре отырып, облыстық партия филиалына бірқатар ұсыныстарымды айтып өтуге рұксат етініздер.

Біріншіден, облыстағы партия мүшелерінің саяси сауаттылығын арттыру мақсатында жұмыстан тыс уақыттарында арнайы оқулар үйимдастыру жұмысы колға алынса деген ұсынысым бар.

Екіншіден, Елбасымыздың тапсырмасымен колға алынған индустриялық-инновациялық даму бағдар-

ламасын жүзеге асыруда келешекте жаңа технологияны менгерген білікті кадрлар әлеуеті қажет. Сондыктан қазірден бастап партия филиалы кадрлар жасақтау жұмысына көніл бөліп, белсene араласуы қажет деп есептеймін.

Ушіншіден, облыстық филиал басшылары республиканың басқа аймактарындағы филиалдармен тәжірибе алмасуды кеңінен пайдаланса, өз кезегінде өнірдегі жетістіктеріміз еселене түсереді.

Төртіншіден, «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының облыстық филиалын аймақтағы барлық жастар үйымдарын біріктіретіндегі ықпалды үйым деңгейіне көтеруде, көшбасшылық ролін қүшейтуде «жасотандыктарға» партияның облыстық филиалы тәжірибелік кеңестері мен қолдауларын арттыра түссе деген ұсынысым бар.

Құрметті делегаттар!

Биылғы еліміз үшін маңызды жыл – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында бізді ауқымды істер күтіп тұр.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Парламент депутаттары алдында сөйлеген сөзінде «Біз бүкіл келесі 2011 жылды “Тәуелсіздіктің 20 жылы” ұранымен откізуге тиіспіз» деп, бірқатар ауқымды тапсырмалар берген еді. Біз биылғы шараларымыздың барлығын Сіздермен бірге осы бағытта өткізетін боламыз.

Ел еркіндігінің 20 жылдық белесі тәуелсіздікпен бірге тұлеген Сыр бойында өз дәрежесінде аталып өтілетін болады. Мемлекет басшысы “Алаштың анасы” атаған өнірде мәртебелі мерейтойды мерекелеу жөніндегі үйимдастыру комитеті құрылып, ережесі бекітілді. Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу жөніндегі Тұжырымдаманың жобасын әзірледік. Бұл шараларға

біздін үкіметтік емес үйымдар, этно-мәдени орталықтар мен саяси партия филиалдары, жастар үйымдары да ат салысып, белсene араласады деп ойлаймын.

Биылғы маңызды жылы Қызылорда қаласы мен аудан орталыктарын және елді мекендерді абаттандыру, көркейту және сонымен қатар тұрғындардың өмір сұру сапасын арттыру жұмыстары барлығымыздың бірінші кезектегі міндептіміз болмак.

Мерейтойға арналған шаралардың алғашкысы қантардың 12-сі күні Қазалы ауданында өткізіліп, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту ретінде облыс бойынша 20 әлеуметтік нысан ел игілігіне пайдалануға берілді. Салтанатты шара барысында Елбасы қамкорлығына халық үлкен ризашылықпен шексіз алғыстарын білдіріп, форумға бір кісідей үн қосты.

Қадірлі ағайын!

Ел дамуы береке мен бірлікке байланысты. «Нұр Отан» партиясы қоғамның барлық өкілдерінің әл-ауқатын арттыру мен ел экономикасын нығайтуды, саяси жүйенің орындылығын, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауды және жоғары азаматтық белсенділікті арттыруды көздейді. Бұл жолда баршамыздың мақсатымыз – ортак, міндептіміз – бір.

Ендеше, қашанда билік пен халық бірлесіп, түйінді мәселелердің шешімін табар болсак, бағындырар шынымыз биік болмак!

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезекті 8-ші конференциясы жұмысына сәттілік тілеймін!

Зейін койып тындағандарыңызға раҳмет!

ДАМУДЫҢ ЖАҢА МУМКІНДІКТЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІГІ

ЕСЕП БЕРУ БАЯНДАМАСЫ

Қызылорда қаласы,
9 ақпан, 2011 жыл.

Армысыздар ардақты ағайын,
құрметті қызылордалықтар!

Барша қазақстандықтар «жарасым мен жасампаздық жемісі» деп бағалаған, Елбасымыздың биылғы дәстүрлі Жолдауы еліміздің 2020 жылға дейінгі дамуының басым бағыттарын айқынданап берді.

«Болашактың іргесін бірге қалаймыз!» атты бұл құжатта Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа әлеуметтік саясаттың негізгі қағидаттарын бекітіп, нақты бағдар беріп отыр.

Бүтінге дейін индустрияландыру және экономиканы дамыту жөніндегі жоспарларымызды айқынданап, жүйелі жүзеге асыра бастаған еліміз Елбасы Жолдауында басымдық берілген халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламаны одан әрі іске асыруда. Осы орайда Елбасы ең маңызды үш мемлекеттік бағдарламаға токталды. Ол - білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту мәселелері. Сонымен қатар Ел Президенті міндеттеген ең басты атқарылар ауқымды шаруалардың бірі – жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы мен тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылықты жаңғыру және халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағдарламаларын жасап, қабылдау болып отыр.

Құрметті кеңейтілген мәжіліске қатысушылар!

Өткен 2010 жыл еліміз үшін де, біздің өніріміз үшін де табысты жыл болды.

Облыс әкімінің 2010 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есебі осы жылдың қантарында облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланып, облыс әкімдігінің веб-сайтында орналастырылды. Оны облыс тұрғындары оқып, танысты деп білемін. Соңдықтан бүгін өткен жылы атқарылған жұмыстарға қыскаша ғана токталып, негізінен есебімде биылғы жылдың міндеттерін баяндап бермекпін.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 7,5 пайызға артты.

Жыл қорытындысы бойынша 376 мың тонна күріш өнімі жиналып, соңғы 20 жылда ең жоғарғы өнімділікке қол жеткіздік.

Өнеркәсіп саласында 775 млрд.тенгенің өнімі өндірілді.

Өндеу өнеркәсібінің дамуында өсу қарқыны 48,6 пайызға артығымен қамтамасыз етілді.

Негізгі капиталға 250 млрд. тенгеден астам инвестициялар тартылып, оның ішінде өндеу өнеркәсібінің саласына тартылған инвестиция көлемі 2 есеге артты.

Тұрғын үй қоры 252 мың шаршы метрге көбейді, нәтижесінде 2156 отбасы жаңа тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді.

Біз есепті жылдың ішінде Елбасының бастамасымен қолға алынған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына енгізілген 11 жобаны жүзеге асырдық.

Нәтижесінде 2010 жылы өнірді индустрияландыру бойынша алға койған міндеттерді толығымен орындағы.

2010 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 0,6 пайызға төмендеп, орташа айлық жалақының мөлшері 15 пайызға артты.

Инфляция деңгейі 7,8 пайызыды құрағанымен жалпы жан басына шаққандағы накты табыстың мөлшері өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,6 пайызға өсті.

Бұның барлығы облыстың қарқынды дамуының көрінісі.

Бұл жетістіктерімізге бүкіл облыс халқының еселі еңбегінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Парламент және мәслихат депутаттары, бюджеттік сала қызметкерлері мен бизнес өкілдері, коғамдық үйым өкілдері, ардагерлеріміз, жастар, жалпы, аймақ дамуына үлес қосып келе жатқан баршаларының бас қосқан бүгінгі жында, аймақ дамуына қосқан зор енбектерінің үшін Сіздерге ерекше алғысымды білдіремін.

Бүгінге дейін барлық деңгейдегі әкімдер тұрғындар алдында 302 есепті кездесу өткізді, оның ішінде аудан әкімдері - 140 рет, Қызылорда қаласының әкімі - 15 рет, ауылдық округ әкімдері – 147 рет халықпен кездесті.

Есепті кездесулерге 50 мынға жуық тұрғын қатысып, мынға тарта ұсыныс-пікірлер айтылды, алдын ала орнатылған ұсыныс-пікірлер жинайтын жәшік арқылы 200 сұрақ келіп тұсті.

Койылған барлық сұрақтарға толығымен талдау жасалып, зерттелінді. Есепті кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлердің 30 пайызға жуығы сол жерде шешімін тапты.

Ал, кей мәселелерді шешу үшін қаражат қажет. Соңықтан, ол мәселелер менің тапсырмама сәйкес жанжақты қаралуда.

Бірде-бір ұсыныс-пікір тиісті мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалмайды.

Қадірлі ағайын!

Енді алда атқаратын жұмыстарымыздың бағыттары мен негізгі міндеттерімізге токталсам.

Мемлекет Басшысының алдымызға қойған негізгі тапсырмаларының бірі – бұл ауқымды индустрияландыру және шикізаттық тәуелділіктен арылу. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы экономиканың жаңа сапалық өсіміне, әлеуметтік саланың дамуына және халықтың әлауқатының жақсаруына негіз болады.

Соңғы жылдары біз жол, құрылым индустриясын, тамак өнеркәсібін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеуге бағытталған өндірісті дамыта тұстік.

Ілеспе газды өндеуде үлкен серпіліс жасап, соның негізінде энергетика және мұнай-химия өндірісін құруды бастадық.

Казіргі танда Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру шенберінде жалпы құны 222 млрд. теңгені құрайтын 54 индустриалды жобаны іске асыру бағытында жұмыс жасаудамыз. Олардың 19 жобасын біз 2011 жылы іске асырамыз, оның ішінде 2 жоба республикалық Индустрияландыру картасына енген.

Осы тұста 2011 жылы жүзеге асырылатын манызды жобаларға арнайы токтала өткенді де жөн көріп тұрмын.

Өздерінізге белгілі, 2010 жылдың желтоқсан айында облысымыз және бүкіл Қазақстанның онтүстік бөлігіндегі ең ірі кешендердің бірі болып табылатын сүт тауарлы фермасы жобасының бірінші кезеңі іске косылды. Биыл бұл жоба өзінің жалғасын тауып, өндіріс көлемі арттырылып, өнім сапасы жақсартылмақ.

Жақын арада облыста алғашқы өсімдік майын өндіретін цех іске косылады, бұл өнірдің сырттан әкелінетін тауарға тәуелділігін біршама азайтады.

Сонымен қатар, аграрлық сектордың дамуы, Кедендік Одактың құрылуы ауыл шаруашылығы машина жасау өндірісін дамытуға мүмкіндік беруде. Бұгінде шетелдік ауылшаруашылығы техникасын өндірушілермен аймакта машина жасау өндірісін құру туралы бірқатар келісімшарттарымыз да бар.

Шиелі ауданында қамыс жанқалары плиткасы өндірісі жобасы іске қосылады. Бұл – республикада баламасы жок инновациялық жоба.

Әрине, бизнестің дамуы бірінші кезекте инженерлік инфрақұрылымды қажет етеді.

Осы мақсатта «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шенберінде 2011 жылға қаралған 637 млн. теңгеге біз Қызылорда қаласында екі өнеркәсіп аландарын әзірлейтін боламыз.

2015 жылға дейін жалпы өнірлік өнім құрылымындағы шағын және орта бизнес үлесін 25 пайызға жеткізу ді межелеп отырмыз. Бұл үшін кіші кәсіпкерлік субъекттері өнімдерінің өндірісі көлемін екі есеге арттыруымыз қажет.

Бұл онай шаруа емес, барлығымыздың күш-жігерімізді біріктіруімізді қажет етеді.

Жаксы бизнес идеялар бар, бірак қаржы ресурстары жеткіліксіз немесе банктен несие алу үшін активтерінің төлем қабілеті тәмен. Өз бизнесін ашу үшін бір жылдан аса уакыт кетіп те жатады.

Осы ретте, тауар өндіру, қызмет көрсетумен айналысатын шағын және орта кәсіпорындарды дамыту мақсатында мемлекеттік және жеке секторларды біріктіру жолымен «Қызылорда» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамын құру туралы шешім қабылданды.

Бұгінгі облыстық мәслихат сессиясының қарауына біз «Қызылорда» ӘҚК» жарғылық корын үлғайтуға 1 млрд.

тенге бөлу жөнінде ұсыныс шығарып отырмыз және мұны депутаттық корпус қолдайды деп сенемін.

Алдағы уақытта, егер кәсіпкерлер облыс экономикасы үшін маңызды жобалар ұсынып, қолдау сұрап жатса, корпорация активі ұлғаятын болады.

Үстіміздегі жылы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы елудей шағын және орта бизнес жобаларын іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Елбасымыз биылғы Жолдауында жұмыс орындарын құру мақсатында ауылдық жерлерде шағын несиелендіруді дамыту қажеттігін атап өткен болатын. Қазіргі танда Үкімет жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеуде. Осы жұмыстарға да біз корпорацияны тартатын боламыз.

Откен жылдан бастап біз қала құрылышы Кадастрын толтыруды бастадық.

Өз ісін дамытамын деушілерге қолдау көрсету мақсатында «Қызылорда қаласы бойынша ақпараттық кадастрылық орталығы» мемлекеттік мекемесін құрып жатырмыз. Орталық арқылы жылжымайтын мүлік, инженерлік инфрақұрылым жағдайы, бос тұрған жер телімдері туралы ақпараттар және басқа да кеңестік қызметтер алуға болады.

Откен жылы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қрестін 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының облыста іске асырылуы жөніндегі есебім Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қүрес мәселелері жөніндегі комиссияда тындалды.

Біз сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды өз күшімізben анықтау бойынша басталған жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Осындай нақты жұмыстардың нәтижесінде, 2010 жылы сыйбайлас жемқорлық сипатындағы тәртіптік құқық

бұзушылықтар 3 пайызға азайса, соның ішінде жергілікті атқарушы органдарда күкірткыштың бұзушылықты 24 пайызға төмендеттік.

Осы жылдың қантар айында мемлекеттік қызмет және сыйайлар жемқорлыққа қарсы күрес заннамаларына енгізілген өзгерістер колданыска енуіне байланысты, алдағы уақытта сыйайлар жемқорлыққа жол берген тұлғаларды лауазымынан төмендетіп, атқаратын қызметтерінен босатуға дейін барамыз.

Қылмыспен күрес жұмыстары да одан әрі қүшеттіледін болады. Ішкі істер департаменті құрылымын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етумен катар Қызылорда қаласы мөлтек аудандарының аулаларында бақылау камераларын орнату тәжірибесін ендіруді жоспарлап отырмыз.

Бұл шаралар азаматтарымыздың өз қауіпсіздігі және баспаналарының қауіпсіздігіне аландауына жол бермейді.

Елбасының біздің алдымыздың қойған маңызды талаптарының бірі, аграрлық секторды дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Елбасы ауыл шаруашылығы өнімділігін 2020 жылға дейін кем дегенде 4 есеге дейін арттыру қажеттігін міндеттеп отыр. Облыс бойынша бұл көрсеткіш 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 35 пайызға көтеріліп, адам басына шакқанда 4 мың 700 долларды құрады. Біздің міндетіміз осы қарқынды ұстау және арттыра тұсу болып табылады.

Алдымызда тұрған міндеттерге орай, саланы қаржыландыру жыл сайын өсуде. Соңғы 3 жылдың өзінде аграрлық секторды мемлекеттік қолдауға 5 млрд. теңге бағытталды.

Біздің алдымызда тұрған мақсаттарға сай, ауыл шаруашылығын қолдауға 2011 жылы 2,9 млрд. теңге бөлініп отыр, бұл 2010 жылмен салыстырғанда жарты млрд. теңгеге артық (17,6 %).

Елбасының тапсырмасына сәйкес, мал шаруашылығын дамытуға облыстық бюджеттен 451,0 млн. теңге бөлінді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 65,0 млн. теңгеге (17,0 пайызға) жоғары.

2011 жылдан бастап Қазақстанда тенденсі жоқ ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту жобасы іске асырылады.

Казіргі уақытта, экспорттық еттің әлеуетін дамыту жөнінде «ҚазАгро» Ұлттық холдинг» арқылы «Сыбаға» бағдарламасы дайындалуда.

Үкіметтен бөлініп отырған несиелік қаржы есебінен облыста 90 фермерлік шаруашылық және 2 соңғы үлгідегі мал бордақылау аландары ұйымдастырылады. Бұл ауылдық елді мекенде 800 жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, аудандардың және Қызылорда қаласының әкімдеріне ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесе отырып мал шаруашылығын орналастырудың аумақтық сызбасын дайындауды жүктеймін.

Одан әрі, Мал шаруашылығы Ғылыми-инновациялық орталығы арқылы ветеринарлық қауіпсіздігі мен мал шаруашылдықтарында селекциялық жұмыстар жалғастырылатын болады.

Облыста алғашқы рет мүйізді ірі қараның электрондық базасы жасалып, ауыл шаруашылығы малдарының туғаннан бастап, сойылғанға дейінгі нақты есебін жүргізуге мүмкіндік беретін жұмыстар басталады.

Мал шаруашылығының дамуы өз кезегінде косымша өндірістің, соның ішінде жем-шөп өндірісінің, мал терісі мен жүнін өндеуге бағытталған жұмыстарды дамытуды қажет етеді.

Сондықтан да, ағымдағы жылдан бастап құрама жем өндірісінің мәселесін шешуіміз қажет. Ол үшін сүрлемдік

жүгері егісінің көлемін 500 гектарға, жонышқа егісінің көлемін 2000 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

Жемдік дақылдардың өнімділігін арттыру үшін жоғарғы өнімді жонышқа тұқымын өндіретін тұқым шаруашылығы үйымдастырылатын болады.

Сонымен қатар, шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту мақсатында, қазіргі уақытта пайдаланылмай тұрған суландырылған жайылымдықтарды ұтымды пайдалану мәселелерін шешеміз. Біздің тарапымыздан жайылымдық жерлерді түгендеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта суландыру құрылымдарын паспорттауды жүргізіп, келешекте оларды түбекейлі жөндеу жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Бұл жұмыстар 7,0 млн. гектар суармалы жайылымдықтарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қызылорда өнірінің агроОнеркәсіп кешенін дамытуда маңызды бағыттардың бірі егіншілік шаруашылығы екендігі белгілі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін жоғарылатуда тұқым шаруашылығын дамытуға өте жоғары мән беріледі.

2010 жылы барлық күріш егісінде жоғарғы репродукциялы тұқыммен егілген егіс көлемінің үлесі 64,8 пайызды құраса, биылғы жылы бұл көлемді 72 пайызға жеткізуді межелеп отырмыз.

Көкөніс, бақша дақылдарын тамшылатып суару әдісімен өсіру көлемі 240 гектарға жеткізіледі. Өткен тәжірибелеріміз бұл әдістің тиімділігін көрсетті, яғни, өнімділік 3 есеге көбейіп, судың шығыны 2 есеге дейін азайды. Сондай-ак, 200 гектар жеміс-жидек және жүзім екпелерін тамшылатып суару әдісін пайдалану арқылы отырғызу межеленуде.

Сондай-ак, тұрғындар сұрағының басым бөлігі бағанын өсуіне арналып отыр. Осыған байланысты негізгі азық-

тұлік тауарларының: картоп, жуа, сәбіздің бағаларын тұрактандыру мақсатында «Агросервис» арқылы 30 млн. теңге қаражат бөлуге шешім қабылдадық. Алдағы уақытта бұл 100 млн. теңгеге дейін көбейтіледі. Ен бастысы, бағаның күрт өсуіне жол бермеу керек.

Тағы бір айта кететін мәселе, биылғы жылдан бастап ауыл шаруашылығы дақылдары мен минералдық тынайтыштарды субсидиялаудың тізімі жергілікті атқарушы органдардың шешімімен бекітілетін болады.

Осыны пайдалана отырып, ұстіміздегі жылы басымдық берілген ауыл шаруашылығы дақылдарының тізіміне біз бұрын субсидияланбаған жонышқа дақылын енгіздік.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді колдау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігіне дақылдардың субсидиясын арттыру жөнінде ұсыныс жасаған болатынбыз. Осы ұсыныс қолдау тауып, картоп егісінің әрбір гектарына төленетін субсидия 2 есеге, яғни әр гектарына 5 мың теңгеге, күріш 10,7 пайызға немесе 15,5 мың теңгеге дейін, жонышқа егісінің субсидиясы 25 пайызға (600 теңгеге) артты.

Тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында жеке қожалықтардағы үй іргелік бакшалықты дамыту жөніндегі шараларды іске асырамыз.

Ол үшін бірнеше жыл қатарының жоспарлы түрде суару каналдарын тазартып келеміз. Бұл жұмыс биылғы жылы да жалғасын табатын болады.

Сонымен бірге, біздің облысымыздың егіншілік саласы суармалы екендігі белгілі.

Олай болса, ауыл шаруашылығы дақылдарының вегетациялық мерзімінде 4,5 млрд. текше метр су қажет етіледі. Алайда су мамандары өткен жылмен салыстырғанда су деңгейі аз болады деп болжам жасап отыр.

Осы ретте, Көксарай су реттегіші маңызды роль аткаратын болады.

Откен жылы Көксарайға 900 млн. текше метр су жиналып, оны біз сәуір-мамыр айларында облысымыздың егістігі үшін пайдаландық.

Биылғы жылы Көксарай су реттегіші барлық қуатында 3 млрд. текше метр су жинап алса, судан қындық болмауы тиіс.

Кезінде осы су реттегіш құрылышы басталмас бұрын сенімсіздікпен қарағандар да болған. Бірақ, уақыт Елбасы идеясының өміршендігін, көрегендігін дәлелдеді.

Дариямыздың ерекшеліктерін бәріміз білеміз.

Сондыктан, өзеннің бөгеттеріне әрдайым мониторинг жүргізіледі және қауіпті деген участкелер әрдайым менін бақылаудыңда.

Откен жылы біздің ұсынысымызға сәйкес Үкіметтің қаржылық қолдауымен және жергілікті бюджет қаржысы есебінен Сырдария өзенінің бойындағы бөгеттерді күшешту жұмыстары атқарылды.

Бұл жұмыс биыл да жалғастырылатын болады.

Президент бастамасымен қолға алынған «САРАТС» жобасының бірінші фазасының іске асырылуы нәтижесінде өнір қайта түлеп, халықтың әл-аукаты көтеріле бастады. Сыр өніріне, Арал тұрғындарына жасалып отырған Елбасы қамкорлығына барша Сыр елі халқының алғыстары шексіз.

Өздерінізге белгілі, бұл жобаның екінші фазасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, қазіргі уақытта компоненттері пысықталуда.

Осы тұста, екінші фазаны әзірлеушілерге Сарышығанактағы салынады деп жоспарлаған құрылыш кешенін тиімділігі жағынан тағы да қосымша зерттеп, стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдау қажеттілігі жөнінде өз ұсыныстарымызды жеткіздік.

Сонымен бірге, бұл ұсынысымызды Президент қабылдауында болған кезде Елбасына баяндадым. Қабылдау корытындысы бойынша Үкіметке осы мәселені мұқият карау жөнінде тапсырма берілді.

Біздер өткен жылы 2020 жылға дейін балық шаруашылығы саласын дамыту бағдарламасын дайындаپ Үкіметке ұсындық. Бұл бағдарлама іске асырылған кезде, балық аулау көлемі қазіргі уақыттағы 3-4 мың тоннадан 2020 жылы 12 мың тоннаға дейін артады.

Балық аулау көлемінің артуымен қатар, оның өндөуіне де баса назар аударылатын болады. Ол үшін «Қызылорда» ЭКК мүмкіндіктері пайдаланылмақ.

Жақын күндері өткен әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерінде балық аулау квотасын алудың проблемалары жөнінде балықшылар қауымының мәселе көтергендігі, ұсыныс-тілектерін жеткізгендігі туралы хабардармын.

Расында да, балық аулау күжаттарын рәсімдеп алу үшін шалғайдағы ауылдық жерден, аудан орталығына, әрі қарай облыс орталығына бару онай шаруа емес.

Осы жағдайларды ескере отырып, бұл мәселені бүтін облыстық мәслихат сессиясына ұсынбақпыш. Менің ойымша бұл мәселе онды шешімін табады.

Жалпы, рұқсат күжаттары мен анықтамаларды алу жолдарын женілдету үшін биылғы жылы барлық аудандарда косымша 27 халыққа қызмет көрсету орталығының филиалын ашпақпыш. Бұл өз кезегінде тұрғындардың әуресарсанға салынбай, уақыт пен қаржыны үнемдеуіне айтарлықтай септігін тигізбек.

2011 жылы біздін жұмысымыздың басты бағыттарының бірі көлік және көлік инфрақұрылымы саласын дамыту болады, бұл мақсатқа ағымдағы жылы 3 млрд. тенгеден астам қаржы қаралды.

Осы жылдың өзінде барлық жергілікті маңыздығы жолдардың 22 пайзы жөндеуден өткізіледі.

Алайда жолдарды әрі қарай ұстап тұру қамтамасыз етілмесе, жөндеуден ешбір пайда жок. Сондыктан бұл мақсатқа аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттеріне берілген субвенция құрамында жарты миллиард тенгеден астам қаржы қарастырып отырмыз.

Аудан және қала әкімдеріне бұл қаралған каражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етуді тапсырамын.

2011 жылы біз Қызылорда қаласында 10,3 мың шаршы метр арендалық және 9 мың шаршы метр ипотекалық түрғын үй саламыз.

Сонымен қатар, бүгін менің есепті кездесуімнен кейін бірден кезектен тыс облыстық мәслихат сессиясы өткізіледі, онда біз аудан әкімдеріне ауыл көшелерін жөндеуге 1 млрд. теңге қаржы бөлу жөнінде ұсыныс көтереміз. 100 шақырымдай ауыл жолдарын жөндеуге мүмкіндік беретін мұндай мол қаржы бұрын-сонды бөлінбеген. Келесі жылы бұл қаражат көлемі екі есеге дейін ұлғайтылатын болады.

2010 жылы облыста салынатын аурухана, мектеп, спорт нысандарын, яғни әлеуметтік нысандар құрылышын арнайы жасалған кезек бойынша салу тәжірибесін енгіздік. Бұл өз кезегінде бұл нысандарды қаржыландыруды шешуде объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Осы орайда аудан әкімдері мен Қызылорда қаласының әкіміне тиісті облыстық басқармалармен бірлесе отырып, түрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын салу мен жөндеудің және жол инфрақұрылымын салудың кезектілік тізімін жасап ұсынуды тапсырамын.

Түрғындарды толғандыратын өзекті мәселелердің бірі - қоғамдық көлік жайы. Бұл мәселені мен де бұрыннан көтеріп келем. Бұл – өте күрделі мәселе. Сондыктан бұл

істін түйінін біздің аймакта мемлекеттің араласуының шешу мүмкін болмай отыр.

Бұғынгі күні біз осы қурделі мәселені шешудің концептуалдық шешімін таптық. Бұл ретте, арнағы үйым құру арқылы диспетчерлік қызмет ұсыну туралы шешім қабылданды. Бұл арқылы автобус паркін жаңалап, көліктердің техникалық жағдайын бақылауды қамтамасыз ететін және маршруттарды онтайландырып, автобус аялдамаларының жағдайын айтартықтай жақсартатын боламыз.

Сондай-ақ, заман талабына жауап беретін, сапалы қызмет көрсететін автобаза мен автобекет құруды да межелеп отырмыз.

Бұл жұмыстар мемлекеттік - жеке әріптестік негізінде биылдан бастап жүзеге асырылмақ.

Соңғы 30 жылдан бері Қызылордалықтарға қындық туғызып келген, қаланың негізгі бөлігін 50 мындан астам тұрғыны бар батыс аумактарымен байланыстыратын - теміржол арқылы өтетін жол өткелі құрылышының мәселесі шешімін табады.

Жақын күндері жаңа жол өткелі алғашқы көлік легін қабылдайтын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен дағдарыс кезеңіне қарамастан қолға алынған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі мега жобасы Сыр елінің экономикасын көтеру және индустрияландырудан ен үлкен қозғаушы күш болып отыр. Бұл жобаның тек біздің облыстың ғана емес, республикамыздың барлық облыстарының дамуына және транзиттік мүмкіндіктерінің артуына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Жобаны жүзеге асыру барысында Қызылорда облысы бойынша 16 мындан астам адамды қосымша табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік алдық.